


Қысқы мектеп мазмұнды отті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ыстамбұл университеті арасында жасалған меморандум аясында шығыстану факультеті TURKSOY кафедрасының үйимдестіруымен ыстамбұл университеті Түркістану ғылыми-зерттеу институтының докторанттары мен магистранттарына «Қазақстан мен Түркия Республикаларының дипломатиялық қарым-қатынастарына – 30 жыл» тақырыбында онлайн форматта қысқы мектеп шарасы етті.

Қысқы мектепте түркиялық білімгерлерге Қазақстан мен Түркияның дипломатиялық байланысының 30 жылдық тарихындағы саяси-дипломатиялық қатынастары мен білім, ғылым, экономика және мәдениет салаларындағы жетістіктеріне талдау жасалды. Сондай-ақ қазақ және түрік халықтарының ортақ мәдени-рухани құндылықтарын зерделеу. Қазақстандағы түрік тілі мен әдебиетін оқыту мәселелерін төрөнірек таныстыру кезделді.

Тұби бір бауырлас екі ел арасындағы қарым-қатынастың тағыры теренде жатқаны және еліміздің тәуелсіздігін мойынданған алғашқы мемлекет Түркия Республикасы болған баршамызға мәлім. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың бірегейлігі ең алдымен саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты ерекше белсенді дамытуға негізделді. Бір-бірімен аралас-қураластықты жоғалтқан Қазақстан мен Түркия халықтары XX ғасырдың соңында үзілген қатынасты қалпына келтіруге, ынтымақтастықтың барлық деңгейінде жанжақты байланыс орнатуға мүмкіндік алды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған демократиялық реформалар шеңберінде ғылыми әлеуетті дамыту, ғылыми кал-



Этно-мәдени жақындыққа және практикалық мүдделерге сүйене отырып, Қазақстан әтпелі кезеңінің бірінші кезеңінде түрік даму моделіне назар аударды. Түркия өз кезегінде тәуелсіз Қазақстанды халықаралық аренадағы әлеуеті аса маңызды өнірлік серіктесі ретінде қарастырды. 1992 жылы негізі қаланған дипломатиялық қатынас негізінде екі ел арасында ғылым, білім, сауда, әскери, экономикалық және мәдени салаларда екіжақты байланыстар орнатылып, бүгінде бауырлас елдер бір-бірінші стратегиялық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып отыр.

Магистранттар мен докторанттарға арналған бұл іс-шара осыған дейін жалғасын келе жатқан Қазақстан-Түркия арасындағы білім және ғылым кеңістігіндегі ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалғасы болып саналады. Қысқы мектепке тындаушылардың 20-дан астам түркиялық докторант пен магистрант қатысты. Дәрістер өзекті тақырыптар бойынша PhD, ага оқытуши Ильяс Нұрраттың модератор болуымен түрік және қазақ тілдерінде отті.

Шығыстану факультеті TURKSOY кафедрасының оқытушы-профессор құрамы, атап айтқанда, Т.Ф.К., қауымдастырылған профессор Мырзахан Егембердиев «Қазақстан және түркі әлемі», магистр, ага оқытуши Күлжан Бекенқызы «Қазақстан мен Түркия дипломатиялық қарым-қатынастары: тарихы, бүгіні және ке-

лешегі», PhD, ага оқытуши Еркінай Оңгарова «Қазақстанның сыртқы саясатындағы Түркія», PhD, ага оқытуши Ильяс Нұррат «Шығыс Түркістан мәселесі және түркі әлемі», магистр Ескер Молдабек «Түркія мен Қазақстанның білім саласындағы ынтымақтастығы», PhD докторы, доцент м.а. Ержан Куанышбаев «Қазақ әліппесінің латынға етудегі маңызы», ага оқытуши, магистр Гүлзада Теменова «Қазақстанда түрік тілін оқыту мәселесі», ага оқытуши, магистр Айым Назарова «Түрік тілі грамматикасын оқыту әдістері», ага оқытуши, магистр Женісбек Абелдаев «Қазақстанда түрік әдебиетін оқыту әдістемесі», сондай-ақ «Қазақ және түрік фразеологизмдеріндегі түр-түс атаулары» тақырыптарында дәріс оқылды.

Қысқы мектептың оқытушылары мен дәріскерлеріне сертификат табысталды. Тындаушылар қысқы мектептің мазмұнды өткенін, ете маңызды ақпараттар алғанын, курсқа қызығушылық танытып жатқан білімгерлердің көп екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ қысқы мектеп жалғасын тапса деген ізгі тілектерін айтып, Түркіяның әлеуметтік желілерінде аталаған іс-шара жайында жазбаларымен белілі.

Алтыншаш ҚҰРМАНӘЛІ,
PhD, қауымдастырылған
профессор

Күлжан ЖАНАТАЕВА,
ага оқытуши

Заң академиясының академигі атанды